

# Теңбіл допқа арбалған ардагер

Бұл адамды екібастұздық теңбіл доп жанкүйерлері жақсы таниды. Ол “Екібастузецтің” өз алаңындағы ойындарын босатпайды. Тіпті, мүмкіндігі болса, сүйікті командасының басқа қалаларда өткізетін кездесулеріне барып, тамашалайтынын қайтерсің. Өйткені, Қайыржан Нұрпейісов теңбіл доптың сиқырына арбалған жан. Жасы жетпіске иек артқан қарт жас кезінде футболмен шұғылданған. Сондықтан оны ардагер футболшы деп айтсақ та жарасады.

Қайыржан Нұрпейісов 1937 жылы табиғаты көркем Баянауыл жерінде дүниеге келген. 1943 жылы оның отбасы Екібастұзға көшіп келеді. Есейіп, ат жалын тартып мінген шағында “Солтүстік” кенішіне жұмысқа орналасады. Осы кеніште еңбек етіп жүрген кезде жұмыр допқа деген құмарлығы оянады. Әуелде “Смена”, “Северный” командаларында шеберлігін шыңдап, тәп-тәуір ойыншы ретінде жұртшылыққа танылады. Сөйтіп, жаттықтырушылар назарына ілігіп, қаланың құрама командасының сапына қабылданады. Облыс чемпионатына қатысып, бірнеше жыл қатарынан 2-орын иеленген команда құрамында өнер көрсетіп, жанкүйер қауымның ризашылығына бөленеді. Футболдың командалық ойын екені белгілі. Тізе қосып қимылдамасаң жақсы нәтижеге жете алмайсың. Қайыржан қарт әңгіме арасында сол уақытта жасыл алаңда жасындай жарқылдаған командалас серіктері жайында айтып өтті. Ол Қимаш Жақиянов, Эдик Браун, Геннадий Куренков, Анатолий Виноградов, Максим Шариков, Анатолий Никитин және тағы басқаларымен бірге жасыл алаңға шығып жүріпті. Ал команданы білікті бапкер Маис Шабанов жаттықтырыпты. Ол Баку дене шынықтыру институтының футбол факультетін бітірген, Екібастұзда спорттың осы түрінің дамуына зор үлес қосқан адам көрінеді. Осы орайда Маис Шабановтың Екібастұзда балалар спорты мектебінің ашылуына ұйытқы болып, жас жеткіншектерді футбол құпияларына баулығанын айтсақ та жеткілікті.

Енді әңгіме кейіпкеріне қайта оралсақ,



Қайыржан Нұрпейісов 1971 жылға дейін Екібастұз қаласының намысын қорғаушылар сапында болады. Осыдан кейін қалааралық автобұса жүргізуші болып жұмысқа орналасып, Баянауылға қоныс аударады. 1992 жылы құрметті демалысына шығып, 1997 жылы Екібастұзға қайта көшіп келеді.

Қайыржан қарттың қара шаңырағына бүгінде құт пен береке ұялап отыр. Қырық бес жыл бойы дәм-тұзы жарасқан зайыбы Ләйлә Қабдолқызы екеуі тоғыз бала өсіріп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған. Ұрпағынан 22 немере сүйіп, қазіргі уақытта соларды қызықтауда. Осы өсіп-өнген әулетте спортшылар да аз емес. Қайыржан қарттың кенжесі Әділет Нұрпейісов қазақша күрестен облыстың 4 дүркін чемпионы болса, немересі Арман Махамбетов дзюдодан облыс чемпионы. Ал жиені Айдын Есенәлиев нағашы атасының жолын қуып, футбол мектебінде теңбіл допты қақпақылдауда.

-Шынықсаң-шымыр боласың. Жастарға спортпен шұғылдану жарасады. Салауатты өмір салтын ұстанған адамның тәні де, жаны да сау, таза болады. Ендеше, спортты серік қылыңдар. Ал футбол төрткүл дүниені еленткен ойын ғой. Екібастұз футболының алар асуы әлі алда екеніне сенемін, - деп қоштасты ардагер футболшы бізбен.

**Е.Қойбағаров**